

**Көкпекті ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі "Көкпекті ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 73 қаулысының күшін жою туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 141 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Көкпекті ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көкпекті ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі "Көкпекті ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 73 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 14 мамырдағы № 3938 болып тіркелген, аудандық "Жұлдыз" - "Новая жизнь" газетінің 2015 жылғы 14 маусымдағы № 47 (8741) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Аудан әкімі*

*Р. Сагандыков*